I МОДУЛЬ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

# 7-сабақ
# Қылмыстық теріс қылықтар туралы істі сотта қараудың тәртібі мен мерзімі

## 1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

жариялау
көз жеткізу
өтінішхаттарды шешу
өкілеттігін тексеру
шешім қабылдау

аудармашы тағайындау
міндеттерін түсіндіру
істің материалдарын жария ету
әрекеттерді жүзеге асыру
судьяға қарсылық білдіру

## 2. Тыңдаңыз, жазыңыз.

көз ______
шешім ______
өкілеттігін ______
өтінішхаттарды ______
аудармашы ______
міндеттерін ______
әрекеттерді ______
судьяға ______
істің материалдарын ______
жауапершілікке тартылатынын ______

**Ауыспалы осы шақ + жіктік жалғауының III жағы**
Етістік + (-а, -е, -ú) + (-ды, -ді, -ты, -ті)
**Мысалы:**
тексер + е + ді
түсіндір + е + ді
шығар + а + ды

## 3. Сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| көз | қарсылық білдіру |
| өкілеттігін | түсіндіру |
| шешім | жария ету |
| аудармашы | асыру |
| міндеттерін | қабылдау |
| істің материалдарын | жеткізу |
| әрекеттерді жүзеге | тексеру |
| судьяға | тағайындау |

## 4. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

шығару + а + ды

жеткізу ______
тексеру ______
қабылдау ______
тағайындау ______
түсіндіру ______

жария ету ______
жүзеге асыру ______
қарсылық білдіру ______
өтінішхаттарды шешу ______
жариялау ______



LIVEWORKSHEETS

## 5. Тиісті сөзді қойыңыз.

Аудармашы тағайындайды

А) міндеттейді Ә) тағайындайды Б) жүргізеді

Міндеттерін ______

А) түсіндіреді Ә) сұрайды Б) көрсетеді

Істің материалдарын ______

А) жазады Ә) жария етеді Б) қайтарады

Судьяға ______

А) қарсылық білдіру Ә) шешімін айту Б) міндеттеу

Шешім ______

А) реттейді Ә) арызданады Б) қабылдайды

Өкілеттігін ______

А) рәсімдейді Ә) береді Б) тексереді

## 6. Мәтінді оқыңыз.

Іс сотқа келіп түскеннен кейін судья істі іс қабылдап және қылмыстық теріс қылық туралы істі қарауға кірісе отырып:

- сотталушының, сондай-ақ істі қарауға қатысатын өзге де адамдардың келгеніне көз жеткізеді;

- іс жүргізуге қатысушылардың жеке басын анықтайды және заңды өкілдері болған кезде–олардың, қорғаушының өкілеттігін тексереді;

- іс жүргізуге қатысушылардың келмеу себептерін анықтайды және істе көрсетілген адамдардың қатысуынсыз қарау туралы не істі қарауды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды;

- қажет болған жағдайда қатысуға міндетті адамды күштеп әкелу туралы қаулы шығарады, аудармашы тағайындайды;

- қылмыстық-процестік кодекстің 46-тарауында көзделген тәртіппен айыптау немесе ақтау үкімін шығарады;

- қылмыстық-процестік кодекстің 35 және 36-баптарында көзделген мән-жайлар болған кезде істі тоқтатады;

- істі қарауға қатысатын адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді.

## 7. Жақша ішіндегі етістіктерді үлгі бойынша жазыңыз.

тыңдау-тыңдайды

Судья сотталушының, сондай-ақ істі қарауға қатысатын өзге де адамдардың келгеніне __________(көз жеткізу);

- іс жүргізуге қатысушылардың жеке басын _______(анықтау) және заңды өкілдері болған кезде олардың, қорғаушының өкілеттігін _________ (тексеру);

- іс жүргізуге қатысушылардың келмеу себептерін __________ (анықтау) және істе көрсетілген адамдардың қатысуынсыз қарау туралы не істі қарауды кейінге қалдыру туралы шешім ________ (қабылдау);

- қажет болған жағдайда іске қатысуға міндетті адамды күштеп әкелу туралы қаулы ________________________________(шығару), аудармашы _________(тағайындау).



LIVEWORKSHEETS

## 8. Тыңдаңыз, бос орынды толтырыңыз.



Судья

- сотталушының, сондай-ақ істі қарауға қатысатын өзге де адамдардың ______________________
- іске қатысушылардың ______________________ және заңды өкілдері болған кезде олардың, қорғаушының ______________________;
- қылмыстық-процестік кодекстің 46-тарауында көзделген тәртіппен айыптау немесе ақтау ______________________;
- қажет болған жағдайда күштеп әкелу туралы ______________, ______________________;
- іске қатысушыларға олардың құқықтары мен міндеттерін ______________________.

## 9. Сөздерді ретімен орналастырыңыз.

1. /46-тарауында көзделген/ тәртіппен/ немесе ақтау/ үкімін шығарады/ айыптау/ Қылмыстық-процестік кодекстің/

______________________

2. /істі қарауға/ келгеніне/ қатысатын/ көз жеткізеді/ өзге де адамдардың/Сотталушының/

______________________

3. заңды өкілдері болған кезде / жеке басын анықтайды/ және / олардың/ қорғаушының өкілеттігін/ тексереді/ Іске қатысушылардың/

______________________

4. аудармашы тағайындайды/қаулы шығарады/күштеп әкелу туралы/Қажет болған жағдайда/

______________________

5. құқықтары мен міндеттерін / олардың/ түсіндіреді/ Іске қатысушыларға

______________________

## 10. Үлгінің көмегімен сөйлемдерді дұрыс орналастырыңыз.

| | | |
|---|---|---|
| 1. Іс жүргізуге қатысушылардың | күштеп әкелу туралы қаулы | қабылдайды. |
| 2. Іске қатысушылардың | жеке басын анықтайды және қорғаушының өкілеттігін | шығарады. |
| 3. Қажет болған жағдайда | не істі қарауды кейінге қалдыру туралы шешім | анықтайды. |
| 4. Қылмыстық-процестік кодекстің 46- тарауында көзделген | келмеу себептерін | түсіндіреді. |
| 5. Іске қатысушылардың | тәртіппен айыптау немесе ақтау үкімін | тексереді. |
| 6. Істе көрсетілген адамдардың қатысуынсыз қарау туралы | құқықтары мен міндеттерін | шығарады |



LIVEWORKSHEETS